

## Кеден одағы Комиссиясының 2010 жылғы 20 қыркүйектегі № 378 шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2020 жылғы 24 қарашадағы № 154 шешімі

Еуразиялық экономикалық одақтың Кеден кодексінің 8-бабы 2-тармағына сәйкес Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасы **шешті**:

1. Қосымшаға сәйкес Кеден одағы Комиссиясының 2010 жылғы 20 қыркүйектегі "Кедендік құжаттарды толтыру үшін пайдаланылатын сыныптауыштар туралы" № 378 шешіміне өзгерістер енгізілсін.

2. Осы Шешім ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік 30 күн өткен соң күшіне енеді.

*Еуразиялық экономикалық комиссия  
Алқасының Төрағасы*

*М. Мясникович*

Еуразиялық экономикалық  
комиссия Алқасының  
2020 жылғы 24 қарашадағы  
№ 154 шешіміне  
ҚОСЫМША

## Кеден одағы Комиссиясының 2010 жылғы 20 қыркүйектегі № 378 шешіміне енгізілетін ӨЗГЕРІСТЕР

1. Тауарларды кедендік декларациялау ерекшеліктерінің сыныптауышы (6-қосымша ) ЗПЗ кодты позициядан кейін мынадай мазмұндағы позициямен толықтырылсын:

"ПДЗ	Уақытша мерзімдік кедендік декларациялау ( тауарларға арналған бір уақытша декларация бойынша жеткізулер аяқталған кезде тапсырылған және осындай тауарларға арналған уақытша декларация шеңберінде жеткізулердің аяқталғанын білдіретін тауарларға арналған толық декларация) ( Ресей Федерациясы үшін)".
------	--

2. Кедендік төлемдерді төлеу жөніндегі жеңілдіктер сыныптауышының (7-қосымша ) 1.1-кіші бөлімінде:

СБ кодты позиция "(СВ кодымен белгіленген тарифтік преференцияны қоспағанда)" деген сөздермен толықтырылсын;

СБ кодты позициядан кейін мынадай мазмұндағы позициямен толықтырылсын:

"2019 жылғы 25 қазандағы Бір тараптан Еуразиялық экономикалық одақ пен оған мүше мемлекеттер және екінші тараптан Сербия Республикасы арасындағы еркін сауда туралы келісімге № 2 қосымшада белгіленген тарифтік квоталар	
---	--

көлемінде Сербия Республикасынан шығарылатын және Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағына әкелінетін тауарларға қатысты кедендік әкелу баждарын төлеуден босату түріндегі тарифтік преференция	СВ";
--	------

ГЯ кодты позициядан кейін мынадай мазмұндағы позициямен толықтырылсын:

"Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің 2019-nCoV коронавирустық инфекциясының таралуының алдын алуға және болдырмауға бағытталған шараларды іске асыруы мақсатында Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағына әкелінген тауарларға қатысты кедендік әкелу бажын төлеуден босату	КИ".
---	------

3. Құжаттар мен мәліметтер түрлерінің сыныптауышы (8-қосымша):

а) 1-бөлім 01341 кодты позициядан кейін мынадай мазмұндағы позициямен толықтырылсын:

"01351	Жеке қорғану құралдарын, қорғану және дезинфекциялау құралдарын, медициналық мақсаттағы өнімдерді әкелу кезінде Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттің уәкілетті органының (ұйымының) растауы (шешімі)";
--------	---

б) 10-бөлім 10060 кодты позициядан кейін мынадай мазмұндағы позициялармен толықтырылсын:

"10061	Еуразиялық экономикалық одақтың Кеден кодексінің 205-бабының 5-тармағына сәйкес кеден органы белгілеген мерзімнің аяқталу күні (Беларусь Республикасы үшін)
10062	Еуразиялық экономикалық одақтың Кеден кодексінің 213-бабының 6-тармағына сәйкес кеден органы белгілеген мерзімнің аяқталу күні (Беларусь Республикасы үшін)".

4. Өндіріп алу кеден органдарына жүктелген салықтар, алымдар мен өзге де төлемдер түрлері сыныптауышының (9-қосымша) 4.3-кіші бөлімі 4490 кодты позициядан кейін мынадай мазмұндағы позициямен толықтырылсын:

"Картриджердегі, резервуарлардағы және электрондық сигареттерде пайдалануға арналған басқа да контейнерлердегі құрамында никотин бар сұйықтық акцизі	4500".
--	--------

5. Жеткізу шарттарының сыныптауышы (13-қосымша) мынадай мазмұндағы позициямен толықтырылсын:

"DPU	ЖҮКТІ ТҮСІРУ ОРНЫНА ДЕЙІН ЖЕТКІЗУ	Көрсетілген жүкті түсіру орны".
------	--------------------------------------	---------------------------------